

## **Бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 10 тамыздағы № 198/НҚ бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 83-бабы 1-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі аппаратының басшысына жүктелсін

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және дамыту  
агенттігі төрағасының  
2023 жылғы " "  
№ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 83-бабы 1-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес әзірленді және енгізілетін реттегіш құралдарға және (немесе) талаптарға қатысты бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлеуші орган – нормативтік құқықтық актіні өз құзыретіне сәйкес әзірлейтін мемлекеттік орган;

2) мүдделі тұлғалар – енгізілетін немесе жұмыс істеп тұрған реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізуге байланысты құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын жеке немесе заңды тұлғалар;

3) реттегіш құрал – Кодекстің 81-бабында көзделген кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды қамтамасыз ету құралдары;

4) реттеу субъектілері - реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды көздейтін немесе реттеуді қатаңдататын нормативтік құқықтық актілердің күші қолданылатын субъектілер, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілері мен өзге де тұлғалар;

5) талаптар – кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер;

6) тауар – азаматтық айналым объектісі болып табылатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет.

Кодексте қолданылатын басқа ұғымдар мен терминдер Кодексте айқындалған.

3. Енгізілетін реттегіш құралдың және (немесе) талаптың, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатудың бәсекелес ортаның жай-күйіне әсерін бағалау реттеушілік әсерге талдау жүргізу кезінде жүргізіледі.

Бәсекелестікке әсерді бағалауды жүргізу үшін әзірлеуші орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы ақпаратты қоса бере отырып, тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасын монополияға қарсы органға жібереді.

4. Бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізу мерзімі он бес жұмыс күнін құрайды.

Бәсекелестікке әсерді терең бағалауды жүргізу қажет болған жағдайда көрсетілген мерзім бір реттен аспайтын мерзімге және он бес жұмыс күні мерзіміне ұзартылуы мүмкін.

5. Бәсекелестікке әсерді бағалаудың мақсаттары:

1) бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға жол бермеу;

2) тауар нарықтарының жұмыс істеу тиімділігін арттыру;

3) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу;

4) шамадан тыс мемлекеттік реттеуді қысқарту.

6. Монополияға қарсы органның бәсекелестікке әсерін бағалау рәсімі мынадай кезендерді қамтиды:

1) бәсекелестікке әсерге бастапқы бағалау жүргізу;

- 2) бәсекелестікке әсерге терең бағалау жүргізу;
- 3) бәсекелестікке әсерді бағалаудың талдамалық нысанын толтыру;
- 4) әзірлеуші органға бәсекелестікке әсерді бағалаудың талдамалық нысанын жіберу.

## **2 тарау. Бәсекелестікке әсерді бағалауды жүргізу тәртібі**

7. Әсерге бағалау жүргізу басталғанға дейін ұсынылатын реттегіш құралдың және (немесе) талаптың, реттеуді қатаңдатудың мақсатын айқындау қажет.

Ұсынылып отырған реттегіш құралдың және (немесе) талаптың, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату мақсаты айқындалғаннан кейін ұсынылып отырған реттегіш құрал және (немесе) талап, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне әсер ететінін айқындау талап етілетіні анықталады.

8. Ұсынылатын реттегіш құралдың және (немесе) талаптың, реттеуді қатаңдатудың тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне әсерін анықтау үшін 2-қосымшада көрсетілген 4 (төрт) сұраққа жауап беру қажет.

Бәсекелестікке қатысты мәселелер болмаған жағдайда, монополияға қарсы орган әзірлеуші органға нормативтік актінің жобасы бәсекелестікке әсерді бағалауды жүргізуді талап етпейтіні туралы хат жібереді.

9. Монополияға қарсы орган егер ұсынылатын реттеу арқылы бәсекелестікке әсерді терең бағалауды жүргізеді:

- 1) нарық субъектілерінің саны немесе тобы тікелей немесе жанама түрде шектелсе;
- 2) нарық субъектілерінің бәсекелесу қабілеттілігі шектелсе;
- 3) нарық субъектілерінің белсенді бәсекелестікке ынталандыруы шектелсе;

4) тұтынушыларға қолжетімді таңдау мен ақпарат шектелсе, бәсекелестіктің бәсекелестікке әсеріне терең бағалау жүргізуі тиіс.

10. Бәсекелестікке әсерді терең бағалау мынадай дәйекті әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады:

1) тиісті тауар нарығын айқындау (тауарлық, географиялық шекараларды қоса алғанда);

2) бастапқы шарттарды белгілеу (тауардың сипаттамасы, тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйін бағалау);

3) реттеудің балама нұсқаларын қарастыру (қажет болған жағдайда);

Ұсыныс тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікке теріс әсер етуі мүмкін болған жағдайда, әзірлеуші орган сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін, бірақ бәсекелестік үшін жағымсыз салдары аз реттеудің балама нұсқаларын ұсынады.

Егер бұл мүмкін болмаса, әзірлеуші орган дәлелді негіздеме ұсынады.

11. Осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген әрекеттерді орындау нәтижелері бойынша мәліметтер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бәсекелестікке әсерді бағалаудың талдамалық нысанына толтырылады.

12. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың, реттеуді қатаңдатудың реттеу субъектілеріне және (немесе) оларды тұтынушыларға қандай әсер ететіні туралы неғұрлым дәлірек түсінік алу үшін мүдделі тұлғаларға сауалнама жүргізілуі мүмкін.

13. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға түсіндірмеде сапалық және сандық тәсілдерді пайдалана отырып, әсерді қалай бағалауға болатыны егжей-тегжейлі баяндалады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға түсіндірмеде сапалық және сандық әдістерді пайдалана отырып, әсерді қалай бағалауға болатыны егжей-тегжейлі баяндалады.

### 3-тарау. Қорытынды ережелер

14. Әсерді тереңдетілген бағалау қорытындылары бойынша монополияға қарсы органның қорытындылары әзірлеуші органға жіберілетін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бәсекелестікке әсерді бағалаудың Талдамалық нысанында көрсетіледі.

Талдамалық нысан (монополияға қарсы органның қорытындысы) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 748 бұйрығымен бекітілген Реттеушілік әсерге талдау жүргізу және пайдалану қағидаларына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12517 болып тіркелген) сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға жіберілетін реттеушілік әсерді талдау нәтижелеріне міндетті қосымша болып табылады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 27.06.2024 № 151/НҚ бұйрығымен.**

Бәсекелестікке әсерді  
бағалау қағидаларына  
1-қосымша

### Нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша жалпы ақпарат

Р/с	Атауы	Ескертпе
1.	Әзірлеуші органның атауы	
2.	НҚА жобасының атауы	
3.	Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес реттегіш құралдың және (немесе) талаптың атауы	
4.	Міндетті талаптарды және/немесе реттегіш құралдарды қамтитын НҚА жобасының құрылымдық элементінің деректемелері	
5.	Реттеу саласы	

6.	Әзірлеуші органның жауапты орындаушысының байланыс ақпараты	
----	---	--

Бәсекелестікке әсерді бағалау қағидаларына  
2-қосымша

### Бәсекелестікке әсерді бастапқы бағалауды жүргізуге арналған сұрақтардың бақылау тізімі

Р/с №	Сұрақтың мазмұны	Жауап
1.	Ұсынылып отырған реттегіш құрал және (немесе) талап, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату нарық субъектілерінің санын немесе тобын тікелей немесе жанама шектей ме?	
2.	Ұсынылып отырған реттегіш құрал және (немесе) талап, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату нарық субъектілерінің бәсекелесу қабілеттілігін шектей ме?	
3.	Ұсынылып отырған реттегіш құрал және (немесе) талап, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату нарық субъектілерін белсенді бәсекелестікке ынталандыруды шектей ме?	
4.	Ұсынылып отырған реттегіш құрал және (немесе) талап, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату тұтынушыларға қолжетімді таңдау мен ақпаратты шектей ме?	

Бәсекелестікке әсерді бағалау қағидаларына  
3-қосымша

### Бәсекелестікке әсерді бағалаудың аналитикалық нысаны

1-қадам: Тиісті тауар нарығын анықтау	
Ұсынылатын реттеу әсер ететін тауарлық және географиялық шекараларды анықтау	
2-қадам: Бастапқы шарттарды белгілеу	
Ұсынылатын реттеу қолданылатын тауарлардың сипаттамасын анықтау	
Бәсекелестіктің сипатын айқындау	

Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін айқындау	
<b>3-қадам: Бәсекелестікті бақылау мәселелері</b>	
<p>1. Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің санын немесе тобын тікелей шектей ме: тауарды жеткізуге (өткізуге) айрықша құқықтар беру? жеткізушілер санына белгіленген шектеуді белгілейтін рұқсат беру тәртібін енгізу? тауардың сапасын бақылайтын рұқсат беру тәртібін енгізу?</p>	
<p>2. Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің санын немесе шеңберін жанама түрде шектей ме: жұмыс істеп тұрған нарық субъектілерінің шығындарын едәуір арттыру, оларды нарықтан кетуге мәжбүр ету? жұмыс істеп тұрған субъектілермен салыстырғанда нарықтың жаңа субъектілерінің шығындарының айтарлықтай өсуі? нарықтың басқа субъектілерімен салыстырғанда кейбір жұмыс істеп тұрған нарық субъектілерінің шығындарының айтарлықтай өсуі?</p>	
<p>3. Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін шектей ме: нарық субъектісі белгілей алатын бағаға бақылау немесе елеулі әсер ету? бақылау немесе сатылатын тауардың сипаттамаларына айтарлықтай әсер ету? нарық субъектісі пайдалана алатын сату арналарының шектеулері немесе нарық субъектісі өз қызметін жүзеге асыра алатын географиялық шекаралар? нарық субъектілерінің өз тауарларын жарнамалау мүмкіндігінің шектеулері? өндірістік процестерге шектеулер енгізу?</p>	
<p>4. Ұсынылған реттеу жеткізушілерді әдетте бәсекелесетін қызметті үйлестіруге ынталандыру арқылы нарық субъектілерін белсенді бәсекелестікке ынталандыруды шектей ме?</p>	
<p>5. Ұсынылған реттеу шараны тұтынушыларға қол жетімді таңдау мен ақпаратты шектей ме: тұтынушылардың кімнен сатып алатынын шешу қабілетінің шектеулері? ақпаратты тұтынушыларға қолжетімді етеді, бірақ олардың негізделген шешім қабылдау қабілетін жақсартпайды? жеткізушіні ауыстыру шығындарының өсуі?</p>	
<b>4-қадам. Балама нұсқаларды қарау</b>	
Ұсынылған реттеу бәсекелестікті айтарлықтай бұрмалауы мүмкін болса, балама нұсқаларды қараңыз	

<b>5-қадам. Ұсынылатын реттеудің бәсекелестікке әсерін бағалау</b>	
Сапалық және сандық тәсілдердің көмегімен ұсынылатын реттеудің бәсекелестікке әсерін бағалауды жүргізу	
<b>6-қадам. Бәсекелестікке әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды</b>	
Монополияға қарсы органның қорытындысында бәсекелестікке әсерді бағалау тұжырымдары көрсетіледі	

### **Бәсекелестікке әсерді бағалаудың талдамалық нысанын толтыру бойынша түсіндіру**

Бәсекелестікке әсерге терең бағалау жүргізу кезінде талдамалық нысан мынадай қадамдар бойынша толтырылады:

#### **1-ҚАДАМ: Тиісті тауар нарығын анықтау**

Бәсекелестікке әсерді терең бағалаудың бастапқы нүктесі ұсынылатын реттеу әсер ететін тауарды және тауар нарығының географиялық шекараларын талдау болып табылады.

Бәсекелестікке әсерді бағалау мақсатында тауар нарығына оларды тұтынушылар бір-бірін алмастыратын деп қарайтын барлық тауарлар кіреді.

Географиялық нарық тиісті нарық субъектілері тауарларды сату үшін бәсекелесетін саланы қамтиды. Мән-жайларға байланысты географиялық шекаралар жергілікті, өңірлік немесе республикалық болуы мүмкін.

Бәсекелестікке әсерді бағалау үшін нарықты формалды айқындау талап етілмейді, бірақ мыналарды анықтау пайдалы:

ұсынылатын реттеу тікелей әсер ететін тауарлар мен географиялық аудандар;

жанама әсер етуі мүмкін тауарларды сатудың неғұрлым кең нарықтары;

жанама әсер етуі мүмкін неғұрлым кең географиялық нарық; және онымен сабақтас нарықтар.

Қозғалатын тауар нарықтарын анықтау ұсынылатын реттеудің ықтимал әсерін анықтауға көмектесуі мүмкін, ұсынылатын шара күтілетін нәтиже беретінін бағалауға көмектеседі (әсіресе, егер мақсаты тұтыну үлгілерін қысқарту немесе өзгерту болса) және бәсекелестікке әсерді бағалау үшін қандай ақпаратты және кімнен жинау қажет, осыны анықтауды жеңілдетеді.

Мысалы, неғұрлым мұқият талдау кезінде реттеу бойынша ұсыныс екі немесе одан да көп тауар нарығын қозғауы мүмкін.

Ұсынылатын реттеудің әсері аталған нарықтардағы шоғырлану дәрежесіне байланысты осы тауар нарықтарында әртүрлі болуы мүмкін. Егер бір нарық екіншісіне қарағанда шоғырланған болса, онда реттеуді қатаңдату шоғырланған нарықтағы бәсекелестіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Реттеу тауарлардың кең нарықтарына, оның ішінде осы шара жанама әсер етуі мүмкін тауарларға әсер ететінін қарау қажет, себебі тұтынушылар немесе нарық субъектілері жаңа талаптарға жауап ретінде тауарларды ауыстырады.

Сондай-ақ ұсынылатын реттеу кең географиялық нарыққа әсер ететінін қараған жөн. Географиялық нарықтар жергілікті, өңірлік және республикалық болуы мүмкін.

Қозғалатын тауар нарықтарын анықтаған кезде сабақтас тауар нарықтарында жанама әсердің болуы ескеру маңызды.

Бағалау жүргізу кезінде ұсынылатын шара әсер ететін тауарды жеткізу тізбегін анықтаған жөн.

Бұл ретте, реттеудің тауарды өндіру үшін қажет ресурстарды жеткізушілерге және қозғалатын тауарларды көтерме немесе бөлшек саудада сататындарға әсерін қарау қажет. Бұл өндіріс процесін түсінуді талап етеді- монополияға қарсы органда мұндай ақпарат жоқ болса, оны жинау үшін консультация процесін пайдалану талап етіледі. Жалпы, жеткізу тізбегі тауарға сұранысты ұлғайтатын қағидаларға әсерін тигізеді деп күтуге болады.

## **2-ҚАДАМ: Бастапқы шарттарды белгілеу**

Тауар нарықтарын анықтағаннан кейін осының негізінде ұсынылатын реттеудің әсерін бағалауға болатын бастапқы шарттарды анықтау қажет. Бұл көбінесе базалық деп қаралатын "ештеңе жасамау" нұсқасы болып табылады.

Бастапқы шарттарды анықтау үшін:

ұсынылатын реттеу қолданылатын тауарлардың сипаттамасы;

бәсекелестіктің сипаты туралы ақпарат жинау қажет, оның ішінде бағаға бағдарланған, салыстырмалы стандартталған тауарлар арасындағы бәсекелестік пе, немесе бәсекелестік тауарлардың сапасы мен саралануына бағытталған ба.

Базалық деңгей үшін тікелей де, жанама да қозғалатын тауар нарықтарындағы бәсекелес ортаның ағымдағы жағдайын бағалау да маңызды.

Тиісті факторларға клиенттердің бәсекелесетін нарық субъектілері арасында ауысу жеңілдігі және нарыққа жаңа нарық субъектілерінің шығу мүмкіндігі жатады.

## **3-ҚАДАМ: Бәсекелестік мәселелері бойынша бақылау сұрақтары**

**1. Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің санын немесе тобын тікелей шектей ме?**

Реттеу нарық субъектілерінің санын немесе тобын:

тауарды сатуға айрықша (басым) құқықтар берумен;

жалғыз нарық субъектісінен немесе шектеулі топтан сатып алумен;

жеткізушілер санына тіркелген шектеуді белгілейтін рұқсат беру тәртібін енгізумен;

тауардың сапасын бақылайтын рұқсат беру тәртібін енгізумен тікелей шектеуі мүмкін.

Тауарды сатуға айрықша (басым) құқықтар мемлекет нарық субъектісіне тауарды жалғыз жеткізуші болу құқығын берген кезде болады.



Монополияға қарсы орган тауарларды бәсекелестік нарықта өткізу конституциялық құрылыстың, ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті қорғаудың, адамның құқықтары мен бостандықтарының, халықтың денсаулығының жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін жағдайларда тауарларды жеткізуге айрықша (басым) құқықтар беру мүмкіндігін қарауы мүмкін.

Алайда, негіздеме болған кезде де тауарды сатуға айрықша (басым) құқық беру монополияны белгілеуге тең екенін ескеру қажет.

Айрықша (басым) құқықтар беру нәтижесінде нарық субъектісі монополиялық тауарлардың бағасын көтеруге және сабақтас нарықтардағы бәсекелестікті шектеуге мүмкіндік беретін нарықтық билікке ие бола алады.

Айрықша (басым) құқықтар беру монополиялық баға белгілеуге және нарықтық билікке әкелуі мүмкін екенін ескере отырып, осы мақсаттарға жетудің шектеулі тәсілдерін қараған жөн.

Осындай баламалардың бірі – "нарық үшін бәсекелестік" атауымен белгілі бәсекелестік сауда-саттық процесі арқылы айрықша (басым) құқықтарды бөлу мәселесін қарау болып табылады. Нарық үшін бәсекелестіктің күтілетін әсерге ие болуы үшін айрықша (басым) құқық ұзақтығының қаралып отырған нарыққа сәйкес келуін қамтамасыз еткен жөн.

Айрықша (басым) құқықтар үшін тұрақты бәсекелестік, егер ұзақ мерзімді инвестициялар қажет болмаса, пайда әкелуі ықтимал. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған нарық субъектісі өзінің бұрынғы тәжірибесіне және сауда-саттық процесіне қатысты басқа факторларға байланысты, басқалармен салыстырғанда тиімді жағдайда болмауын қамтамасыз ету қажет.

Айрықша (басым) құқықтар берілген жерде монополиялық жеткізушінің өзінің нарықтық билігін теріс пайдаланбауына кепілдік беру үшін қосымша реттеу қажеттілігі де туындауы мүмкін.

Бағалау тиісті нарықтардағы бәсекелестіктің ықтимал бұрмалануын көрсеткен жағдайда салдарларды жұмсарту шараларын қарау талап етіледі. Оларға мыналар жатады:

айрықша (басым) құқықтарды мерзімді қайта қарау.

функцияларды бөлу, мысалы, негізгі объектілерге қолжетімділік беру және түрлі операторларға тауарларды жеткізу міндетінен техникалық шарттар беру.

Басқа жеткізушілермен бәсекелесетін сабақтас нарықтарда айрықша (басым) құқықтармен қамтылған қызметті тоғыспалы субсидиялаудың алдын алатын функционалдық немесе құрылымдық бөлу үшін негіздің болуы мәселесін қарау.

Бұл шара жалғыз жеткізушіден немесе шектеулі жеткізушілер тобынан сатып алуға әкеле ме?

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың ірі ұйымдары тауарларды бір жеткізушіден сатып ала алады. Олар мұны логистика тұрғысынан олардың нақты

талаптарын түсінетін және бірнеше өңірде жеткізуді жүзеге асыра алатын бір жеткізушімен жұмыс істеу оңайырақ деп есептейді. Бұдан басқа, сатып алуды басқарудың тиімділігін арттыру және бір келісімшарт жасасу нәтижесінде шығындарды азайтудан пайда алынуы мүмкін.

Алайда, егер ұсыныс жалғыз жеткізушінің келісімшарт алуына әкеп соқса және бұл жалғыз жеткізуші тауар нарығындағы жалғыз жеткізуші немесе бірнеше жеткізушінің бірі болса, онда мұндай сатып алу процесі жеткізілімге айрықша (басым) құқық беру үшін біркелкі болады және бәсекелестік проблемалары бірдей. Сатып алудың шектеулі процестерінің артықшылықтарын бәсекелестік пен таңдауды жоғалуымен салыстырған жөн.

Жеткізуге айрықша (басым) құқықтар берілген жағдайда, жалғыз жеткізушіден немесе жеткізушілердің шектеулі тобынан сатып алу конкурстық сатып алу процесін қамтуы тиіс. Конкурстар көбінесе нарықта бәсекелестік болмайтыны белгілі болған жағдайда қолданылады, демек әлеуетті жеткізушілердің конкурстарды өткізу кезінде бәсекелестік қысымға ұшырауына кепілдік беру үшін бәсекелестік қысым болмайды.

Келісімшарттар бойынша конкурстарды өткізу кезінде бәсекелестік қысымды барынша төмендету үшін сатып алу саясатын конкурстарды өткізуді ынталандыратындай етіп әзірлеп, енгізуге болатыны мәселесін қараған жөн. Ұзақ және күрделі конкурстық рәсімдер тауар нарықтарына шығуға кететін шығындарды көбейтіп, конкурстарды өткізуге көбірек ресурстарға ие ірі жеткізушілерге пропорционалды емес артықшылық беріп, кіруге кедергілер тудыруы мүмкін.

**Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің санына тіркелген шектеудің көмегімен нарыққа кіруді бақылайтын рұқсат беру тәртібін енгізе ме?**

Мемлекеттік органдар нарық субъектілерінің санына шектеу қоя алады, себебі олар бұл секторларда ұсыныстың оңтайлы деңгейі бар, ал тым көп кіру ұсыныстың шамадан тыс болуына, бұл тиімсіздікке және кірістіліктің төмендеуіне әкеп соғады деп есептейді. Нәтижесінде мемлекеттік органдар жеткізушілер санына шектеу қоя алады. Мұндай шектеулер жұмыс істеп тұрған нарық субъектілерін бәсекелестік қысымнан қорғайды және бәсекелестіктің төмендеуіне әкелуі ықтимал, ал тұтынушылардың таңдауы азаяды.

**Ұсынылатын реттеу сапа стандарттары көмегімен нарыққа кіруді бақылайтын рұқсат беру тәртібін енгізе ме?**

Лицензиялау көбінесе жеткізушілердің біліктіліктің ең төменгі деңгейіне жетуін қамтамасыз ету құралы ретінде қолданылады. Сапа стандарттары көмегімен нарыққа кіруді бақылайтын лицензиялау схемалары бәсекелестікке зиян келтіруі мүмкін.

Лицензиялар және рұқсаттар көмегімен сапа стандарттарын белгілеу нарықтағы субъектілердің санын қысқартуға әкелуі мүмкін, бұл бағаның жоғары деңгейін ұстап

тұруға жәрдемдеседі. Сапа стандарттарының жоғары деңгейі де таңдауды шектеуі және нәтижесінде тауарларды төмен бағамен сатып алуды қалайтын тұтынушылар үшін ұсыныстың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Көптеген лицензиялау схемалары өзін-өзі қаржыландырады және кіру құны лицензиялық алыммен тікелей байланысты. Жаңа кіру құны жаңа қатысушы алатын кірістермен салыстырылуы тиіс. Егер лицензиялау шығындары күтілетін кірістермен салыстырғанда жоғары болса, онда бұл шығындар кіруге кедергі келтіруі мүмкін. Бұдан басқа, нарықтық жағдайларға байланысты лицензиялау шығындары тұтынушыларға жоғары бағамен берілуі мүмкін.

Лицензиялау жүйелері таңдауды шектеп, кіруге кедергілер тудыратын әлеуетті мүмкіндікті ескере отырып, мұндай рұқсат беру тәртібін енгізудің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін мұқият қараған жөн.

## **2. Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің санын немесе тобын жанама түрде шектей ме?**

Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің санын немесе тобын жанама түрде шектей алатынын бағалау қажет. Реттеу, егер ол:

оларды нарықтан кетуге мәжбүр етіп, жұмыс істеп тұрған нарық субъектілерінің шығындарын едәуір арттырса;

жұмыс істеп тұрған субъектілермен салыстырғанда нарықтың жаңа субъектілерінің шығындарын едәуір арттырса;

нарықтың басқа субъектілерімен салыстырғанда бірқатар жұмыс істеп тұрған нарық субъектілерінің шығындарын едәуір арттырса, әсер етуі мүмкін.

Реттеу бизнесті жүргізу құнын нарықта бәсекелесу тиімсіз болатын деңгейге дейін ұлғайта алады. Егер субъектілердің жеткілікті саны нарықтан кетсе немесе бәсекелестік шектеулердің маңызды көзі нақты бәсекелестер нарықтан кетсе, онда бәсекелестік серпіні өзгереді. Қандай субъектілердің нарықтан шығуы мүмкін екенін түсіну нарық құрылымындағы ықтимал өзгерістер туралы және бәсекелестіктің одан әрі төмендеуі туралы түсінік береді.

Шараның бәсекелестікке әсерін бағалау үшін мына сұрақтарға жауап беру қажет:

нарық субъектілері қандай шығындарға ұшырайды?

бұл шығындар тұрақты ма әлде өзгермелі ме?

жылдық кіріске қатысты шығындар қанша?

бұл шығындар субъектінің нарықтан кетуіне әкеп соға ма?

қандай нарық субъектілерінің кету ықтималдығы жоғары және олар шыққан жағдайда бәсекелестік шектеулердің тұрақты көзі бола ма?

реттеу қолда бар жеткізушілермен салыстырғанда жаңа жеткізушілердің шығындарын едәуір арттыра ма?

Реттеу қолда бар нарық субъектілерімен салыстырғанда барлық жаңа субъектілердің шығындарының ұлғаюына әкеп соғатыны және бұл шара шағын және

орта кәсіпкерлік субъектілері үшін нарыққа кіруге пропорционалды емес әсер ететіні қаупін ескерген жөн.

Жұмыс істеп тұрған нарық субъектілері мемлекеттік органдарды оларды кем дегенде біраз уақытқа жаңа реттеудің әсерінен босатуға сендіре алады. Бұл босату, уақытша болса да, осы талапты орындау кезінде жоғары шығындарға тап болған жаңа мүшелерді үркітуі мүмкін. Сондықтан, реттеуші органдардың кіруге кедергілерді арттыратын ұсыныстары тиісінше болуы және қолда бар нарық субъектілерін шамадан тыс қорғау ретінде қызмет етпеуі маңызды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері нарықтағы серпінді бәсекелестіктің көзі болып табылады. Мемлекеттік реттеу, әдетте, микрокәсіпкерлікті қоса алғанда, шағын бизнес субъектілеріне пропорционалды үлкен әсер етпейді, себебі олардың заңнамадағы өзгерістерді сақтауы және талаптарды сақтауға арналған ағымдағы шығындар үшін ресурстары айтарлықтай аз. Шағын бизнес субъектілеріне пропорционалды емес әсер ететін Қағидалар кірудің маңызды жолын және бәсекелестік шектеулердің көзін жабуы мүмкін.

Реттеу нарықтан кеткісі келетін субъектілердің шығындарын арттыруы және бұл жаңа компаниялардың пайда болуына кедергі келтіруі мүмкін. Мысалы, егер нормативтік құқықтық актілер нарыққа кірген кезде тез өтемейтін сапа стандарттарына сәйкес келу үшін арнайы жабдыққа үлкен инвестицияларды талап етсе, онда бұл субъектілерді нарыққа кіруге кедергі келтіруі мүмкін.

Бұл шара субъектілердің нарыққа кіруіне кедергі келтіретінін анықтау үшін шығындарды олардың тежеу әсерін бағалау үшін ықтимал кірістермен салыстыру қажет.

**Реттеу басқа субъектілермен салыстырғанда кейбір қолда бар нарық субъектілерінің шығындарының айтарлықтай өсуіне әкеле ме?**

Реттеу қасақана немесе қасақана емес кейбір нарық субъектілеріне басқаларға қарағанда артықшылық беруі мүмкін. Мысалы, нарық субъектілеріне жаңа технологияларды күштеп таңатын реттеу осы технологияны енгізген субъектілерге қолайлы болады. Мұндай нарық субъектілері бәсекелестеріне қарағанда төмен шығындарға тап болады, мысалы, олардың қолда бар тетіктерін қайта баптау қажет емес.

Өнім стандартын айқындайтын регламент осыған ұқсас, сәйкес келмейтін басқалармен салыстырғанда осы стандартқа сәйкес келетін жеткізушілерге артықшылық бере алады. Егер бір жеткізуші белгілі бір өнім стандартына қол жеткізуге мүмкіндік беретін зияткерлік меншік құқығына ие болса, бұл жағдай одан әрі күрделенуі мүмкін. Баламалы жеткізушілермен бәсекелестік құқық иеленушіден технологияға рұқсат алу немесе қолда бар құқық шеңберінде инновациялар енгізу қажеттілігімен қиындай түседі.

Реттеу сондай-ақ, басқалармен салыстырғанда бизнес-модельдердің белгілі бір түрлеріне артықшылық беріп, бәсекелестіктің бұрмалануын тудыруы мүмкін. Мемлекеттік, әсіресе жеке және мемлекеттік кәсіпорындар бір-бірімен бәсекелесетін сабақтас нарықтарды бақылайтындар олардың ұсыныстары "бәсекеге қабілетті бейтарап" болуы мәселесін қарай алады. Бұл нарықтың бірде-бір субъектісі тек иелену немесе бақылау нәтижесінде айтарлықтай бәсекелестік артықшылыққа ие болмайтынын білдіреді. Иелену немесе бақылау нәтижесінде артықшылықтар беру бірқатар тиімсіз субъектілердің нарықта қалуына әкелуі мүмкін, ал неғұрлым тиімді қатысушылар жеткілікті дамып, инновациялар енгізе алмайды. Бұл тиімсіздік сапаның төмендеуіне және тұтынушылар үшін бағаның өсуіне, сондай-ақ сектордағы инновациялардың төмен деңгейіне әкелуі мүмкін.

### **3. Ұсынылатын реттеу нарық субъектілерінің бәсекелесу қабілетін шектей ме?**

Жеткізушілер арасындағы бәсекелестік бағаға, сапаға, қызмет көрсетуге немесе инновацияларға шоғырлануы мүмкін. Кей жағдайда мемлекеттік органдар осы параметрлерге шектеулер қоюға тырысады. Жеткізушілер бір-бірімен бәсекелесетін құралдарды шектейтін реттеу тұтынушыларға зиян келтіріп, осы жеткізушілер арасындағы бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін. Қағидалар сондай-ақ жеткізушілерге жаңа өнімдерді әзірлеуге, жаңа жарнамалық және маркетингтік бастамаларды жүзеге асыруға немесе балама сату арналарын пайдалануға кедергі келтіруі ықтимал.

Ұсыныстар жеткізушілердің бәсекелесу қабілетін шектей ме деген сұрақ қоған жөн, мысалы, реттеу:

нарық субъектісі белгілей алатын бағаны;

сатылатын тауардың сипаттамаларын;

нарық субъектісі пайдалана алатын сату арналарын немесе нарық субъектісі өз қызметін жүзеге асыра алатын географиялық шекараларды;

нарық субъектілерінің өз тауарын жарнамалау мүмкіндіктерін;

өндірістік процестерді бақылайды немесе оларға айтарлықтай әсер етеді.

Тауарлардың бағасын бақылау нақты тауарларға ең төменгі немесе ең жоғары бағаларды (ең төменгі немесе ең жоғары баға деңгейлерін) белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің қабылдануына әкелуі мүмкін. Реттеудің мақсаты кейде тұтынушыларды қорғау болады, бірақ бұл бәсекелестікке айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін, яғни кей жағдайда тұтынушылар бағаның ең төменгі немесе ең жоғары деңгейі болмаған кезде көбірек төлеуі ықтимал.

Ең төменгі бағалар (ең төменгі баға деңгейлері) кейде белгілі бір сапа немесе қауіпсіздік стандарттарын орындау үшін немесе денсаулық сақтау мақсатында тұтынуды шектеу үшін қолданылады. Олар өздерінің әлеуметтік мақсатына жететініне карамастан, күтпеген жанама әсер өндірушілерді бәсекелестік процестен қорғау болуы мүмкін. Бағаның өсуі жеткізушілер тізбегіндегі нарықтық биліктің болуына және қайда

екеніне қарай өндірушілерге/бөлшек саудада өткізушілерге тосын пайда әкелуі мүмкін. Салықтардың өсуінен айырмашылығы, қосымша тұтынушылық шығыстар мемлекеттік бюджетке емес, бөлшек саудада өткізушілерге түседі.

Егер реттеудің мақсаты өнімнің сапасын арттыру болса, мемлекеттік органдар сапаны реттеудің бірқатар нысандары бәсекелестікті шектеуі мүмкін екенін ескеруі тиіс. Егер саясаттың мақсаты артық тұтынудың зиянды салдарын шектеу болса, тауар үшін төленетін кез келген баждарды немесе салықтарды енгізу немесе ұлғайту нарық субъектілерінің бәсекелесуін және олар пайда алатын бағаның бөлігіне қатысты инновациялар енгізуді жалғастыратынына кепілдік беруге көмектеседі.

Екінші жағынан, тұтынушыларды немесе сатып алушыларды жоғары бағадан қорғауға бағытталған ең жоғары бағалар (шекті бағалар) нарық субъектілері үшін үйлестіру орталығы бола алады, бұл ретте бағалар субъектілер арасындағы баға бәсекелестігінің қарқындылығын төмендетіп, шекті мәнге жақындайды. Ең жоғары бағаларды белгілеу тауарды таңдауды бұрмалауы, инновацияларды шектеуі және жоғары бағаны айналып өту үшін жасырын төлемдерді енгізуге әкелуі мүмкін.

Шекті бағалар тұтынушыларды нарықтық билікке ие өндірушілерден қорғауға арналған болуы мүмкін, бірақ бұл мақсатқа жету үшін шектеуші құралдар аз болады. Тұтынушыларға білім беру және салыстырмалы ақпарат көздерін ұсыну, ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды және ақпаратты ұсыну стандарттарын белгілеу шектеулі баламалар болуы мүмкін. Егер баға шегі дұрыс деп саналса, оның түрлі бизнес үлгілеріне бейімделу үшін жеткілікті икемді екеніне көз жеткізу қажет.

**Реттеу сатылатын тауардың сипаттамаларын бақылай ма немесе оған айтарлықтай әсер ете ме?**

Тұтынушыларды сапасыз өнімдерден қорғау үшін талаптар немесе сатылатын тауардың сипатына қатысты белгіленген шектеулер енгізілуі мүмкін. Негіз тұтынушылар өнімнің сапасын бақылай алмауы және нәтижесінде зиянға ұшырауы немесе тұтынушылар белгілі бір мазмұн стандарттарын талап етуі мүмкін.

Мұндай саясат нарық субъектілерінің өз тауарларын саралау есебінен бір-бірімен бәсекелесу қабілетін шектеуі және ақпараттандырылған тұтынушылардың сапасы төмен және құны төмен тауарларды сатып алуына кедергі келтіруі мүмкін. Қауіпсіздік мәселе болмаған және стандарттар жақсы хабардар етілген тұтынушы таңдайтын деңгейден жоғары болса, сапаның ең төменгі деңгейлері белгілі бір тұтынушылардың сұранысы бар белгілі бір тауарларды ұсынудан бас тартуға және олардың қолжетімді нұсқаларын қысқартуға әкелуі мүмкін.

Сапа стандарттарының ерекшелігі нарық субъектілерінің шығындарын арттыруы мүмкін. Кәсіпорындардың жоғары шығындары, әдетте, тұтынушылар төлейтін бағаның өсуіне және қолжетімді тауарлардың әртүрлілігінің төмендеуіне әкеледі.

Ең кіші стандарттың нарыққа әсерін қараған кезде нарықтағы бәсекелестіктің сипатын ескеру қажет.

Сондай-ақ стандарт, мысалы, жаңа мүшелер үшін талаптарды сақтаудың жоғары шығындарына байланысты үйлесімділіктің ең төменгі стандарттарын белгілеу арқылы кіруге кедергі келтіретіні мәселесін де қараған жөн.

Сапаға қатаң шектеулер қалайтын нәтижеге қол жеткізу үшін әрқашан қажет болмауы мүмкін. Әсіресе тұтынушылар сапаны бақылап, қайта сатып ала алса, нарық субъектісінің беделі сапаға кепілдік бере алады. Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы ақпарат беру тұтынушыларға сатып алу кезінде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беру үшін жеткілікті болуы мүмкін, ал жапсырмаларға белгілі бір ақпаратты қосу талаптары тұтынушыларға ұсынылатын бәсекелес өнімдер туралы көбірек ақпарат береді.

Сапа стандарттарын әрдайым мемлекет белгілей бермейді. Нарыққа қатысушылар өзін-өзі реттеу арқылы стандарттарды өз бетінше әзірлей алады. Стандарттарды әзірлеушілер мамандар болып, оларға реттеуші органдар тарапынан жүктемені азайтатын шешімге қол жеткізуге ынталандырылса, бұл мақсатқа көбірек сәйкес келетін және бәсекелестікке аз әсер ететін стандарт жасауға әкелуі мүмкін. Өзін-өзі реттеу шешімге қол жеткізудің оңай жолы болуы мүмкін, бірақ кей жағдайларда өзін-өзі реттеу өз мүдделерін алға жылжыту үшін қолданылуы мүмкін.

Егер ең кіші стандартты белгілеу қажет болса, оның қандай нысанда болуы қажет екенін мұқият ойластырған жөн. Нәтижеге негізделген стандарттар көмегімен сапаны қамтамасыз ету, стандарттарды жазушыларға қарағанда жақсырақ және инновацияларға зиян тигізу ықтималдығы аз, себебі жеткізушілер өз өнімдерін стандартқа бейімдей алады, өндірістің тиімді әдістері мен тәсілдері үшін бәсекелесе алады және нәтижесінде тұтынушыларға көбірек таңдау ұсына алады.

**Реттеу нарық субъектісі пайдалана алатын сату арналарын немесе нарық субъектісі өз қызметін жүзеге асыра алатын географиялық шекараларды шектей ме?**

Кейбір талаптар тауарларды жеткізу тәсілін шектеуі немесе олар берілуі мүмкін салаға шектеулер қоюы мүмкін. Шектеулердің осы екі түрі де инновацияларды шектей алады немесе белгілі бір саладағы жеткізушілер санын тікелей шектеу ретінде әрекет ете алады, қолда бар жеткізушілер ұшырасатын бәсекелестік шектеулерді жеңілдетеді. Мұндай шектеулер шектеулі бренд аралық бәсекелестік болған кезде әсіресе зиянды болуы мүмкін.

Реттеу мақсаттарына жету үшін арналарды немесе сату аудандарын мемлекеттік шектеу сияқты шектеулер талап етілетіні сирек кездеседі.

**Реттеу нарық субъектілерінің өз тауарын жарнамалау мүмкіндігін айтарлықтай шектей ме?**

Жарнама жеткізушілер өз өнімін жарнамалайтын және өз өнімдерін бәсекелестерінен ажырататын маңызды құрал болып табылады. Жарнамаға шектеулер, егер олар жаңа қатысушыларды үркітсе, бәсекелестікті шектеуі мүмкін, себебі олар тұтынушыларға жаңа өнімдері туралы хабарлай алмайды.

Жарнамаға шектеулер зиян болуы мүмкін тауарлардың сапасын немесе қалыпты тұтынуды қамтамасыз ету тетігінің бөлігі ретінде енгізілуі мүмкін. Бұл мақсаттар пайдалы болуы мүмкін болса да, шектеулердің шектен тыс тыйым салынбағанына көз жеткізу үшін бәсекелестікке әсерін ескеру қажет.

Кейде кәсіби ұйымдар бәсекелестікті жұмсарту тәсілі ретінде жарнамаға шектеулерді қолдауы мүмкін. Бұл шектеулерді қолдау үшін түрлі дәлелдер келтірілгенімен, олар бәсекелестікті пропорционалды емес түрде шектейді деген пікір кең таралған.

Жаңылыстыруға ұшырататын жарнамаға шектеулер, әдетте, бәсекелестікке жәрдемдесетінін ескерген жөн, себебі олар жеткізушілердің бәсекелестігін тең шарттарда және тұтынушыларды жалған мәліметтерден қорғауды қамтамасыз етеді.

Жарнаманы шектеу бәсекелестікке қандай әсер етуі мүмкін екенін анықтау үшін түсіну пайдалы:

Нарық субъектілері жарнамаға қаншалықты тәуелді? Тұтынушыларды тартудың және нарықта үлес алудың басқа жолдары бар ма және балама маршруттарға инвестициялаудың қаржылық салдары қандай болуы мүмкін?

Жарнаманы шектеу, атап айтқанда, жаңа нарық субъектілеріне әсер ете ме?

**Реттеу нарық субъектілерінің өндірістік процестеріне немесе ұйымдық-құқықтық нысанды таңдауға шектеу қоя ма?**

Өндіріс процесін шектейтін реттеудің жұмысшыларды қорғау сияқты заңды әлеуметтік мақсаты болуы мүмкін. Мұндай саясат, егер шамадан тыс болса, өндірушілердің тапқырлық пен жаңашылдық еркіндігін шектеп, өндірілетін өнім көлемін азайтуы мүмкін. Қысқарту тұтынушыларға зиян тигізуі мүмкін, себебі бұл бағаның өсуіне әкеледі. Бұл сұраныс пен ұсыныс жоғары бағамен жаңа тепе-теңдікке жетеді деп күтілетініне байланысты.

Саясат ұйымдық нысандарды да шектей алады.

**Бұл шара жеткізушілерді белсенді бәсекелестікке ынталандыруды шектей ме?**

Бәсекелестіктің мәні - нарық субъектілері тұтынушылар мен нарық үлесін жаулап алу үшін төмен бағаларды, жақсы қызметті немесе жоғары сапалы тауарларды ұсына отырып, бір-бірімен бәсекелеседі.

Кейде нарық субъектілері бір-бірімен бәсекелеспеу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Жеткізушілер тауарлардың келісілген бағасын (немесе баға диапазонын) келісе немесе бағаны төмендетпеу туралы шешім қабылдай алады. Балама ретінде, жеткізушілер белгілі бір тұтынушыларға немесе белгілі бір тауарларға қатысты бәсекелеспеуге келісуі немесе тұтынушылардың бәсекелес жеткізушілерге өтуін қиындататын шарттарды келісуі мүмкін.

Мемлекеттік саясат пен нормативтік құқықтық актілер нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдер жасасу және оларды қолдау ықтималдығын арттыруы немесе төмендетуі мүмкін. Бәсекелестікке әсерді бағалау ұсыныстар жеткізушілердің



белсенді бәсекелестікке ынталануын төмендете ала ма деген сұрақ туғызады, мысалы, реттеу:

жеткізушілерді олардың әрекеттерін үйлестіруге ынталандырады;

жеткізушілерді бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың қолданысынан босатады;

немесе зияткерлік меншік режимін енгізеді, өзгертеді.

Ұсыныс тұтынушылардың жеткізушілер арасында ауысу шығындарын ұлғайтып, жеткізушілердің бәсекелестікке ынталануын төмендетуі мүмкін.

**Реттеу жеткізушілерді олардың әрекеттерін үйлестіруге ынталандыра ма және осылайша бәсекелестікті әлсірете ме?**

Саясат немесе реттеу жеткізушілердің коммерциялық мүддесі үшін өз қызметін бәсекелестікке қарсы үйлестіретін жағдай туғызуы мүмкін. Мұндай саясат тұтынушыларға көмек көрсету мақсатында енгізілуі мүмкін. Мысалы, кейбір нарықтарда, әсіресе ұсынылатын өнім қатты сараланса, тұтынушыларға бағаны салыстыру қиынға соғуы мүмкін. Бұл қиындықты іздеу шығындарын азайтуға және тұтынушыларға балама ұсыныстарды салыстыруды жеңілдетуге бағытталған бағаны жариялауды талап ететін реттеу арқылы шешуге болады. Көп жағдайда бұл іздеу жолындағы кедергілерді еңсеру үшін жасалса, бұл бәсекелестікке оң әсер етуі тиіс.

Алайда, бәсекелестер арасында ақпарат алмасуға байланысты бәсекелестікке қарсы салдарлар да болуы мүмкін. Жеткізушілер тұтынушыларға зиян келтіріп, баға, шығындар, сату көлемі немесе өнім туралы ақпаратты бір-бірімен іс-қимылды үйлестіру үшін пайдалана алады. Бағаларды жариялау жеткізушілердің өз бағаларын басқалар қол жеткізген деңгейге дейін көтеруіне әкелуі мүмкін.

Кейбір зиянсыз болып көрінетін ақпарат бәсекелестікті әлсіретуі мүмкін. Нарық құрылымы туралы немесе өндірістік қуаттарды пайдалану туралы ақпаратты жариялау жеткізушілерге бәсекелестер ұшырастығын бәсекелестік шектеулер туралы түсінік бере алады.

Егер нарықта жеткізушілер аз болса, өнім салыстырмалы түрде стандартталған және кіруге кедергілер жоғары болса, ақпаратты ашу және сөз байласуға әкелетін ақпаратпен алмасу ықтималдығы жоғары. Бұл ақпарат тұтынушыларға жария ұсынылса және нарық субъектілері мен тұтынушылар арасында асимметрия болмаған жағдайларда ықтималдығы аз.

Кей жағдайда ақпарат алмасудың белгілі бір дәрежесі (мысалы, техникалық стандартты белгілеу үшін) бәсекелестік тұрғысынан орталықтандырылған стандартқа қарағанда қолайлы болуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Шаралардың басқа түрлері нарық субъектілері үшін өз қызметін бәсекелестікке қарсы үйлестіруге ынталандыруы мүмкін. Мысалы, мемлекеттік органдар қауымдастықтар құруға, мүшелер үшін үздік практика қағидаларын белгілеуге немесе жеткізушілерді өнімнің үйлесімділігіне қатысты ынталандыра алады. Мұндай

үйлестіруді ынталандырудың заңды себептері болуы мүмкін болса да, қасақана жанама әсер бәсекелестер коммерциялық құпия ақпаратпен алмаса және сөз байласа алады.

Жеткізушілердің өз әрекеттерін үйлестіруге ынталандыруын күшейтуге қосымша реттеу нарықтық жағдайларға да әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде сөз байласуды ықтимал және тұрақты ете алады. Тиімді сөз байласу үшін компаниялар келісімге қол жеткізуі, келісімнің бұзылуын анықтауы және оны бұзатын нарық субъектілерін жазалай алуы тиіс. Нарықтың түрлі сипаттамалары сөз байласу ықтималдығын арттырады, мысалы:

нарықта субъектілер салыстырмалы түрде аз, олар салыстырмалы түрде ұқсас және олардың активтерінің баланстық құны жалпы алғанда баламалы;

өнімдер стандартталған. Дизайн, сапа немесе қызмет көрсету тұрғысынан ауысу санының аз болуы баға белгілеудің жалпы схемасына қол жеткізуді жеңілдетеді;

ауысуға төмен шығындар және тұтынушылар бағаның өзгеруіне жауап ретінде орын ауыстырады;

өнімдердің аз саны үйлестіруді жеңілдетеді;

бәсекелестер бір-бірімен жеке байланыстар немесе қауымдастықтар арқылы үнемі байланысады.

Жеткізушілерді өз әрекеттерін үйлестіруге ынталандыратын барлық саясат жеткізушілердің бәсекелестік туралы заңнаманы бұзуына әкелмесе де, мұны жасайтын саясат әсіресе бәсекелестік пен тұтынушыларға зиян тигізуі мүмкін.

### **Ұсынылатын реттеу таңдау мен тұтынушыларға қолжетімді ақпаратты шектей ме?**

Тұтынушылар өз қалауына сәйкес келетін субъектілерге қатысты негізделген шешімдер қабылдау арқылы жеткізушілер арасындағы бәсекелестікті ынталандыруда маңызды рөл атқарады. Нарықтар ұсыныс та, сұраныс та тиімді өзара әрекеттескенде жақсы жұмыс істейді. Нарықтағы жақсы хабардар етілген тұтынушылардың әрекеттері мен бәсекелестік арасында қатал цикл бар.

Бәсекелестікке қатысты көптеген тергеп-тексерулердің деректері нарықтардың тиімді жұмыс істеуі үшін тек ұсыныстың дұрыс шарттары ғана емес, сондай-ақ нарық субъектілеріне әсер ету үшін ең жақсы құндылықты ұсынатын тауарларды таңдау үшін бағалауға, ақпаратқа қол жеткізуге және соған негізделген әрекет етуге мүмкіндігі бар жеткілікті тартылған тұтынушылар қажет екенін көрсетеді. Бұл тұтынушылық саясат пен тиімді нарықтарды құруда сұраныстың араласуының басқа түрлерінің шешуші рөлін көрсетеді.

Сұраныстың нарықтық тұсы нашар жұмыс істеуінің бірнеше себептері бар. Мысалы

:

кейбір тауарлардың сипаттамалары тұтынушыларға саналы таңдауды қиындатуы мүмкін, сондықтан өнімнің құндылығы тұтынудан кейін ғана толық бағалануы мүмкін;

тұтынушылардың сипаттамалары олардың негізді шешім қабылдауға уақыты немесе мүмкіндігі жоқ екенін білдіруі мүмкін;

жеткізушілер қабылдайтын әрекеттер (мысалы, өнім туралы ақпаратты жасыру үшін) тұтынушылардың қол жетімділік алу, ақпаратқа қол жеткізу, бағалау және қолда бар әрекеттің негізінде әрекет ету қабілетіне немесе тілегіне кедергі келтіруі мүмкін.

Мұндай қиындықтар мемлекеттік органдардың тұтынушыларға күрделі өнімдермен танысуға және негізделген шешім қабылдауға көмектесу үшін нарыққа араласу қажет деп есептеуіне әкелуі мүмкін. Бұл ретте, мемлекеттік органдар нарықтың жұмыс істеуін сұраныс жағынан нашарлатпайтынына көз жеткізуі тиіс. Мұндай салдарлар, егер шара:

тұтынушылардың кімнен сатып алуды шешу қабілетін шектесе;

тұтынушыларға қолжетімді ақпаратты өзгертсе, бірақ олардың негізделген шешім қабылдау қабілетін жақсартпаса; және/немесе

жеткізушілерді ауыстыру шығындарын ұлғайту есебінен тұтынушылардың ұтқырлығын төмендетсе, туындауы мүмкін.

### **Бұл шара тұтынушылардың кімнен сатып алуды шешу қабілетін шектей ме?**

Жеткізуші пайдалана алатын сату арналарын шектейтін шаралар тұтынушы сатып ала алатын жеткізушілерді де шектеуі мүмкін. Мұндай шектеулер, мысалы, денсаулыққа арналған белгілі бір тауарлар немесе күрделі қаржылық өнімдер жеткізілетін сату орындарында тұтынушылардың мамандардан консультация алуы маңызды деген алаңдаушылықты көрсетуі мүмкін. Алайда, нормативтік құқықтық актілердің қолданысы қолда бар кәсіпорындарды бәсекелестіктен қорғауды қамтуы мүмкін және тұтынушыларға және мүмкін мемлекеттік саясаттың мақсаттарына зиян келтіретін сату нүктелерін таңдауды шектеуі мүмкін.

Тұтынушылар тиімді бағаны немесе тауар үшін сапаны ала алмауы мүмкін, себебі олар құнын жоғары қойған жеткізушілерден немесе олардың таңдауы болып табылмайтын өнімдерді сатып алуға мәжбүр.

**Ұсынылатын реттеу ақпаратты тұтынушыларға қол жетімді етеді, бірақ олардың негізделген шешім қабылдау қабілетін жақсартпайды.**

Тұтынушылардың жақсы ақпарат алған және сатып алу туралы негізделген шешімдер қабылдау қабілетін бұрмаламай, тұтынушылардың әрекеттерге бейімділігін ескеру қажет.

Тұтынушылар талдай алатын ақпарат көлеміне қатысты шектеулерге ұшыраса алады.

Тұтынушылар тауарды қанша пайдаланатынын асыра бағалауы немесе оның қанша тұратынын бағаламауы мүмкін.

Тұтынушылардың белгілі бір нұсқауларға сәйкес шешім қабылдауға бейімділігі олардың жиі ретте бірнеше негізгі тарифтерге назар аударатынын және олардың қосымша төлемдер немесе алымдар туралы қосымша ақпаратты елемейтінін білдіреді. Нәтижесінде, қосымша ақпарат беру, эмпирикалық қағидаларды қолдана отырып, қате түсінік ықтималдығын арттырып, тұтынушылардың нашар шешімдер қабылдауына әкелуі мүмкін.

Бұдан басқа, директивті органдар олардың ұсынысы әрекет бейімділігін күшейте ме және бұл тұтынушылар үшін нашар салдарларға әкелетіні мәселесін қарауы пайдалы. Мысалы, Бәсекелестік саясат орталығы үшін дайындалған есепте қаржылық реттеуіштер тұтынушыларға эмоционалды "ыстық" күйде болған кездеі тиісінше ойланбастан қабылдаған сатып алу шешімдерін қайта қарауға және, мүмкін, кері қайтаруға мүмкіндік беру үшін "салқындату" кезеңдерін жиі енгізетіні атап өтіледі. Алайда, салқындату кезеңі сауда нүктесінде одан да аз рефлексия тудыруы мүмкін, бұл араласу мүлдем талап етілетін жағдаймен салыстырғанда нашар болуы мүмкін нәтижелерге әкеледі.

### **Реттеу жеткізушілерді ауыстыру шығындарын ұлғайту есебінен тұтынушылардың ұтқырлығын төмендетуге әкеле ме?**

Ауыстыру шығындарын ұлғайту бәсекелестіктің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Демек, егер сол немесе басқа шара ауыстыру шығындарының өсуіне әкелсе, бұл бәсекелестікке теріс әсер етуі мүмкін.

Кей жағдайларда ауыстыру шығындар әрекетке бейімділіктен де туындауы мүмкін.

Тұтынушыларға саналы таңдау жасауға және әрекет бейімділігін жеңуге көмектесетін шаралар тариф құрылымын жеңілдету немесе ашықтыққа жәрдемдесу мақсатында бағаларды салыстыру үшін веб-сайттарды әзірлеу талаптарын қамтиды.

Ауыстыру шығындарын төмендету, әдетте, бәсекелестік үшін пайда әкелсе де, ауыстыру шығындарын азайту шаралары әрқашан әл-ауқаттың артуына ықпал етпейтінін ескерген жөн.

### **4-ҚАДАМ. Балама нұсқаларды қарау**

Ұсынылған реттеу бәсекелестікті айтарлықтай бұрмалауы мүмкін болса, реттеудің балама нұсқаларын қарастырған жөн. Мұндай Баламалардың әсерін бағалауға және бастапқы ұсыныспен салыстыруға болады.

Кейбір жағдайларда монополияға қарсы орган жаңа реттеуді енгізудің қажеті жоқ деген қорытындыға келуі мүмкін. Бұл міндетті түрде статус-квоны қабылдауды білдірмейді, сонымен қатар қолданыстағы талаптарды нақтылауды, жетілдіруді немесе орындауды қамтуы мүмкін. Егер қолданыстағы талаптар бәсекелестікке айтарлықтай әсер етпесе, бұл тәсіл бәсекелестік тұрғысынан ең бейтарап болады.

Мемлекеттік органдар бизнесті өз әрекетін өзгертуге ынталандыру үшін салықтар, субсидиялар, квоталар және рұқсаттар сияқты экономикалық құралдарды пайдалана алады. Экономикалық құралдардың кейбір түрлері басқаларға қарағанда бәсекелестікке бейтарап болады.

Түпкілікті өнімге салынатын салықтар аз бұрмаланған нұсқамен болуы мүмкін.

Салық салуды арттыру, мысалы, ең төменгі бағаны реттеуге қарағанда бәсекелестікке аз әсер етуі мүмкін және егер ол тұтынушылардың тұтыну құрылымына тікелей әсер етсе, сондай тиімді болуы мүмкін. Алайда, кейбір салықтар шағын бизнеске пропорционалды түрде әсер етеді, демек, жаңа нарық субъектілерінің кіруін

шектеу арқылы (мысалы, салықтық жеңілдіктер немесе ірі кәсіпорындар үшін алуға оңай түрлі салық мөлшерлемелері) бәсекелестікті әлсіретуі мүмкін.

Мемлекеттік органдар бәсекеге қабілеттілікті қолдау немесе белгілі бір технологияны енгізуді ынталандыру үшін бағаны төмендету тәсілі (мысалы) ретінде белгілі бір салаларды субсидиялауды таңдай алады. Субсидиялар, егер олар іріктеп емес, бүкіл салада қолданылса ұлттық деңгейдегі бәсекелестік үшін бейтарап болуы мүмкін.

Ресурстар (мысалы, қажетті инфрақұрылым) шектеулі және компаниялар қызметтерді ұсыну үшін ортақ пайдалануы тиіс салаларда мемлекеттік органдар оларды бақылауды аукциондар немесе тендерлік рәсімдер арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Активті (мысалы, табиғи монополия) бақылауды активті қызметтерді ұсыну үшін пайдаланатын операторлардан бөлуге болады. Бұл үздік нәтижелерге әкелуі мүмкін, себебі жоғары тұрған кәсіпорынның иесі нақты төмен тұрған субъектіге артықшылық бермей, активті тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге ынталанады.

Квоталар бәсекелестікке теріс әсер етуі мүмкін. Ең жоғары квоталар жиі ретте бәсекелестікті шектейді, себебі олар мүмкіндіктерді шектейді; ең кіші квоталар әлеуетті жаңа қатысушылар үшін кіруге кедергілер тудыруы мүмкін. Квоталар нарығын құру ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің бір тәсілі болуы мүмкін.

Тұтынушыларды сатып алу туралы шешім қабылдау үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ету бәсекелестердің тиімді жұмыс істеуіне көмектеседі. Кей жағдайда, егер тұтынушылар ақпаратқа оңай қол жеткізу арқылы сатып алу туралы неғұрлым негізделген шешімдер қабылдай алса, тікелей реттеу қажет болмауы мүмкін. Бұл тәсілдің артықшылығы - ол тұтынушыға салыстырмалы еркіндік береді және қолжетімді таңдауды шектемейді. Мұның орнына, ол тұтынушыларға неғұрлым негізделген шешім қабылдауға көмектесетін ақпарат береді.

### **5-ҚАДАМ. Ұсынылатын реттеудің бәсекелестікке әсерін бағалау**

Бағалау сапалық және сандық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Практикада қандай нұсқаларды таңдау керек ендігі туралы шешімдердің көпшілігі сапалы болып табылады, яғни нұсқаларды сандық салыстыруға негізделмейді. Сандық салыстыру үшін тиісті деректер әрдайым қолжетімді бола бермейді, тіпті егер бар болса да, талдауға жатпайды.

Сапалық талдау қандай нұсқаларды таңдау керектігі туралы негізделген пайымдаулар алу үшін фактілер мен экономикалық аргументті біріктіреді. Сандық талдау нақты нұсқалардың басқалармен салыстырғанда артықшылықтарын бағалау үшін деректерді пайдалануды қамтиды. 4-кестеде сапалық және сандық әдістәсілдердің оң және теріс тұстары көрсетілген.

Ерекше маңызды немесе даулы мәселелер үшін мүмкін болса сандық талдауға артықшылық беріледі. Ұсынылатын реттеу нәтижесінде туындайтын, тұтынушыларға зиянды сапалық бағалау қиын немесе мүмкін емес болуы мүмкін. Осылайша, сандық талдау бәсекелестікке ең аз шектеуші әсер ететін реттеу нұсқаларды таңдауға көмектесе де, оны сапалық дәлелдермен толтырылуы тиіс.

### **Сапалық талдау**

Сапалық талдаудың бастапқы нүктесі реттеуді әзірлеу негіздерін және бастапқы шарттарды белгілеуді қоса алғанда, жалпы жағдайды баяндау болып табылады. Содан кейін талдауда ұсынылған реттеудің мақсаттары, сондай-ақ оның баламалары көрсетіледі. Әрбір нұсқа оның күшті және әлсіз тұстарын ескере отырып, кез келген қолда бар дәлелдемелерді, оның ішінде реттеудің негіздемесі туралы ақпаратты, қаралып отырған нұсқалардың әрқайсысы мәлімделген мақсатқа жететінін және экономикалық қағидаттарға негізделген әрбір нұсқаны тұтынушылар үшін ықтимал салдарлар туралы ақпаратты пайдалана отырып талданады. Талдау, әсіресе болжамдар күмән тудырған жағдайларда, болжамдарды анықтауы мүмкін. Нұсқаларды талдауды өлшеп, дәлелдемелер мен, әсіресе экономикалық себептерді әр нұсқаны қолдай отырып қарап, қай нұсқаның ең күшті екендігі туралы бағалау пікірі қалыптасады.

Мұндай талдау үшін әсіресе пайдалы ақпаратты басқа елдердің нормативтік актілерін салыстыру нәтижесінде алуға болады. Бұл сол немесе өзге саясатты іске асырудың түрлі тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Салыстырудың пайдалылығы жалпы тұтынушылық қалаулар сияқты юрисдикциялар арасындағы ортақ белгілердің болуына байланысты.

Мүдделі тараптармен консультациялар ұсынылған шараның бәсекелестікке ықтимал әсері туралы білудің пайдалы тәсілі болуы мүмкін. Мүдделі тараптардың тауар нарығы туралы және қандай баламалар іске асырылатыны туралы жақсы білімі бола алады. Осылайша, мүдделі тараптармен консультациялар маңызды фактілерді назарға алуды және тиісті нұсқалардың ескерілмеуін қамтамасыз ету үшін пайдалы тетікті қамтамасыз ете алады. Алайда, ұсынылған реттеуден пайда көретін немесе пайда көре алатын нарық субъектілері мүдделі тараптармен консультацияларға көбірек қатысуы мүмкін, сондай-ақ қоғамдық мүдделерге зиян келтіріп, оларға нарықтық билік беретін нұсқаның пайдасына шешілуі ықтимал.

### **Сандық талдау**

Сандық бағалау ережелерді өзгерту керек пе және мұндай өзгерістер қандай қоғамдық құндылықты білдіретіні туралы нақты дәлелдерді қамтамасыз ету үшін әсіресе пайдалы. Сандық талдау әсіресе реттеу нәтижесінде нарықтық билікке ие болатын белгілі бір мүдделі тараптардан туындауы мүмкін реттеуді өзгерту дәлелдеріне қарсы пайдалы болуы мүмкін.

Сандық бағалауды алудың қарапайым әдістері көбінесе түсінікті, тексерілетін және айқын нәтижелер береді. Қарапайым әдістердің артықшылықтарының бірі - олар әдетте

онай түсіндіріледі, демек күрделі әдістерге қарағанда шешім қабылдаушылар үшін сенімдірек. Егер қарапайым әдістер болмаса, сандық бағалау көбінесе мүлдем жасалмайды.

Салыстырмалы сандық ақпараттың ерекше кең таралған екі көзі - реттеудің әсерін болжамды экономикалық зерттеулерден алынған сандық бағалау және зерттеулерге дейін және одан кейін алынған сандық бағалау.

Экономикалық қағидаттардың негізінде реттеу реформасының салдарларын болжайтын экономикалық зерттеулер қаралатын нормативтік құқықтық актілердің әсерін көрсете алады. Көбінесе мұндай талдаулар бағаға, құнға немесе басқа қызығушылық тудыратын ауыспалы өзгерістерге әсерді бағалауды қамтиды.

Стандартты көрсеткіш бойынша тұтынушылық пайданы есептеу.

Көптеген салаларда бағалар, сату көлемі және басқа да техникалық экономикалық көрсеткіштер туралы минималды ақпарат бар. Бұл деректер шектеулері тепе-теңдік күйі өзгерген кезде тұтынушылық пайданы есептеуге кедергі келтіруі мүмкін. Осы себепті тепе-теңдіктің өзгеруіне байланысты тиімділік тәсілінен төмен болса да, стандартты индикатор қолданылуы мүмкін. Ол үшін негізгі бастапқы деректер: саланың кірісі, сұраныстың икемділігі және табылған шектеу түрінің орташа баға әсері.

Егер бағаның өзгеруін алынып тасталатын шектеу түрі бойынша болжауға болатын болса, тұтынушылардың шектеулерді жоюдан түскен пайдасын есептеу формуласы келесідей болады:

$$CB = \frac{(\rho + 1 |e|\rho^2)}{2} Rr$$

мұндағы СВ-тұтынушылық пайданың стандартты көрсеткіші (А кестесін қараңыз),  $\rho$ -шектеуге байланысты бағаның пайыздық өзгерісі (стандартты көрсеткіш,  $\rho$  – кесте),

R – саланың кірісі,  $|e|$  - сұраныс икемділігінің абсолютті мәні.

Егер сұраныстың икемділігі белгісіз болса, оны болжауға болады  $|e|=2$  (бәсекелестері бар әдеттегі нарық үшін қолданылады, мұнда тұтынушылар жоғары бағаларға жауап ретінде сатып алуды тоқтатуға дайын және бағаны реттеу жоқ). Бұл жағдайда:

$$CB = (\rho + \rho^2)Rr$$

**А кестесі, қабылданған реттеу шарасынан баға әсерінің стандартты көрсеткіші**

--	--	--	--

Стандартты көрсеткіш	Нәтижелер саны	95% аралық	Реттеу шараларының санаты/субкатегориясы
- 0.20	111	-0.23 до -0.16	<b>(А) Жеткізушілер санын шектеу</b>
- 0.19	28	-0.28 до -0.10	(1) Эксклюзивті құқықтар беру
- 0.23	55	-0.27 до -0.19	(2) Лицензияларды, рұқсаттарды талап ету
- 0.15	10	-0.24 до -0.060	(3) Кейбір нарық субъектілерінің тауарларды және (немесе) қызметтерді ұсыну мүмкіндігін шектеу
- 0.19	4	-0.24 до -0.13	(4) Нарыққа кіру/шығу шығындарын арттыру
- 0.12	14	-0.17 до -0.070	(5) Нарық субъектілеріне тауарларды және (немесе) қызметтерді жеткізуге кедергі келтіретін географиялық кедергілерді белгілеу, капиталды инвестициялау
- 0.18	45	-0.23 до -0.14	<b>(В) Нарық субъектілерінің бәсекеге түсу мүмкіндігіне әсері</b>
- 0.19	22	-0.24 до -0.14	(1) Нарық субъектілерінің тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге өз бағаларын белгілеу қабілетіне әсер етеді
- 0.14	8	-0.24 до -0.053	(2) Нарық субъектілерінің өз тауарларын және (немесе) қызметтерін еркін жарнамалау мүмкіндігін шектейді
- 0.19	13	-0.24 до -0.081	(3) Нарық субъектілерінің белгілі бір тобына беретін сапа стандарттарын белгілейді
- 0.28	2	-1.00 до 0.22	(4) Нарықтың кейбір субъектілері үшін өндіріс шығындарын басқаларға қарағанда едәуір арттырады
- 0.20	29	-0.26 до -0.14	<b>(С) Нарық субъектілерінің бәсекелестікке</b>



			<b>қызығушылығын төмендетеді</b>
- 0.28	5	-0.48 до -0.080	(1) Өзін-өзі реттеу режимін құру
- 0.10	11	0.13 до -0.064	(2) Тауарлардың шығарылуы / көрсетілген қызметтердің көлемі, олардың бағалары туралы жариялауға талап етілетін ақпараттың санын арттыру, сату және шығындар саны
- 0.25	13	-0.35 до -0.16	(3) Нарық субъектілері тобын немесе белгілі бір нарық субъектісін Ұлттық бәсекелестік әрекетінен босату заңнама
- 0.20	18	- 0.30 до-0.10	<b>(D) Тұтынушылардың таңдауын немесе тұтынушыларға қол жетімді ақпаратты шектейді</b>
- 0.32	7	-0.49 до -0.15	(1) Тұтынушыларға тауарларды және (немесе ) қызметтерді кімнен сатып алу керектігін таңдау мүмкіндігін шектейді
- 0.13	9	-0.24 до 0.009	(2) Тұтынушылар үшін тауарларды және (немесе ) қызметтерді жеткізушілер арасында ауысу шығындарын арттырады
- 0.074	2	-0.33 до 0.011	(3) Сатып алушыларға тиімді сатып алу үшін қажетті ақпаратты түбегейлі өзгертеді

### **6-ҚАДАМ. Бәсекелестікке әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды**

Монополияға қарсы органның қорытындысында бәсекелестікке әсерді бағалау нәтижелері бойынша тұжырымдар көрсетіледі.